

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 желтоқсандағы N 1251 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 қарашадағы N 1050 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1078 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1078 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өртке қарсы қызмет өрттен қорғайтын қоныстану аумақтарының және мемлекеттік меншіктегі аса маңызды объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 желтоқсандағы N 1251 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 48, 619-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өртке қарсы қызмет өрттен қорғайтын қоныстану аумақтарының тізбесінде:

"3. Өнеркәсіптік объектілер" деген бөлімде "2004 жылғы 27 ақпандағы N 239" деген сөздер "2007 жылғы 8 қыркүйектегі N 781" деген сөздермен ауыстырылсын

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*